

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттығына барлық кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар белгілеу туралы

Күшін жойған

Атырау облысы Мақат ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 02 қыркүйектегі № 233 қаулысы. Атырау облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 10 қыркүйекте № 2985 болып тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы Мақат ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 29 желтоқсандағы № 354 қаулысымен

РҚАО ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы Мақат ауданы әкімдігінің 29.12.2014 № 354 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Конституциялық Заңының 28 бабының 6 тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабының 2 тармағына сәйкес, Мақат ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес, Мақат аудандық аумақтық сайлау комиссиясымен (келісім бойынша) бірлесіп, Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттығына барлық кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындары белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау "Мақат ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің басшысы Ж. Бұхарбаевқа жүктелсін.

3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

КЕЛІСІЛДІ:

*Мақат аудандық аумақтық сайлау
комиссиясының төрағасы*

02.09. 2014 ж.

Е. Умаров

Ә. Ерғожиев

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттығына барлық кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындары

№	Мекен-жайы	Орналасқан жері
1	Қазақстан, Атырау облысы, Мақат ауданы, Мақат кенті, Орталық алаң 2-үй	"Мақат аудандық мәдениет үйі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынының алдыңғы алаңындағы стенд
2	Қазақстан, Атырау облысы, Мақат ауданы, Доссор кенті, Заводской участок көшесі, 1 үй	"Абай атындағы жалпы орта білім беру мектебі" мемлекеттік мекемесінің алдыңғы алаңындағы стенд
3	Қазақстан, Атырау облысы, Мақат ауданы, Бәйге-төбе ауылы, 3 үй	"Бәйге-төбе орта мектебі" мемлекеттік мекемесінің алдыңғы алаңындағы стенд

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ